



Бекітемін

«Дарын» РГПО директоры

Е. Тұрсынов

« 9 » 2024 жыл.

Педагогтер мен психологтер үшін «Олимп шыңы» республикалық пәндік олимпиадасының олимпиадасының Ережесі

I. Жалпы Ереже

1. Педагогтер мен психологтер үшін республикалық «Олимп шыңы» пәндік олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу Ережесі Олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу, қатысу және жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңына сәйкес жасалған.

II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

3. Олимпиаданың мақсаты: педагогтер мен психологтердің кәсіби құзыреттерін дамыту, олардың кәсіби-жеке және шығармашылық әлеуетін ашу, психологиялық-педагогикалық қызметке қызығушылықтарын ынталандыру.

4. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- оқу процесінде пәндердің рөлін арттыру;
- шығармашылық әлеуетін анықтау, кәсіби шеберлігінің өсуіне ықпал ету;
- пәндерді оқытуда ой-өрісін кеңейту және дамыту;
- кәсіби педагогикалық, психологиялық білім берудің маңыздылығын арттыру және білім берудегі педагогика мен психологияның беделін көтеру;
- кәсіби қоғамдастықта педагогтер мен психологтердің кәсіби қарым-қатынасына, өз білімдері мен біліктіліктерін ашып көрсету үшін мүмкіндік жасау.

III. Олимпиаданың қатысушылары

5. Олимпиадаға білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің мұғалімдері қатыса алады.

6. Қатысушылар санын жергілікті білім басқармалары анықтайды.
7. Олимпиадаға қатысу ерікті түрде.
8. Олимпиада қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

IV. Олимпиаданың өту уақыты

С.Б.Т.

Е.Т.

9. Олимпиада әр пән бойынша «Дарын» РҒПО өткізетін оқу-әдістемелік семинарлар шеңберінде өткізіледі.

V. Олимпиаданың өту тәртібі

10. Олимпиада оффлайн форматта өтеді.
11. Олимпиада тест тапсырмаларын қамтитын бір кезеңде өткізіледі.
12. Тест тапсырмалары 5 жауап нұсқасы көрсетілген 25 тапсырмадан тұрады.
13. Әр тапсырма үшін бір балл беріледі, дұрыс жауаптардың жалпы саны- 25 балл.

VI. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібі

14. Әр педагог 60 минут көлемінде 25 тапсырмадан тұратын 1 нұсқаны (бірнеше нұсқаның ішінен) орындауы тиіс.
15. Психологтер 35 минут ішінде 25 тест тапсырмасын шешуі керек.
16. Олимпиадаға қатысу үшін алынатын баллдардың максималды саны **25 ұпайды** құрайды (яғни әр дұрыс шешкен тапсырмаға 1 ұпай).
17. Олимпиада жеңімпаздары:
Максималды 25 балл, бірақ 23 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар Олимпиада жеңімпаздары болып саналады (25-23 балл, I дәрежелі дипломдар);
18. Олимпиада жүлдегерлері:
 - 1) 22 балл, бірақ 20 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар (22-20 балл, II дәрежелі дипломдар);
 - 2) 19 балл, бірақ 16 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар (19-16 балл, III дәрежелі дипломдар).
 - 3) 15 балл, бірақ 14 баллдан кем емес ұпай жинаған қатысушылар (15-14 балл) «Дарын» РҒПО грамоталарымен марапатталады.
19. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.
20. Барлық Олимпиада қатысушыларына сертификаттар тапсырылады.
21. Олимпиада қорытындысы бойынша апелляция өткізілмейді.

VII. Ұйымдастыру комитеті мен сараптау комиссиясы

22. Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) Олимпиаданы дайындау және өткізуді жүзеге асырады.
22. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды орындайды:
 - Олимпиаданың міндеттерін зерттеу критерийлерін әзірлейді;
 - Олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;
 - ай сайын Олимпиаданың қай оқу пәндерінен өтетіндігін анықтап, белгілейді;
 - мерзімін, уақытын анықтайды;
 - қорытындысын шығарады;
 - Олимпиаданы өткізу тәртібін, орны мен күнін анықтайды;

23. Олимпиаданың нәтижелерін анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады. Олимпиаданың сараптама комиссиясының құрамын Ұйымдастыру комитеті құрайды.

24. Сараптама комиссиясының құрамына республиканың алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, өткен жылдардағы әр түрлі деңгейдегі біліктілік конкурстарының жеңімпаздары кіре алады.

25. Конкурсқа қатысты барлық даулы мәселелер осы Ереженің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде реттеледі.

С.Б.Т.и.ш.

А.А.А.